

Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 168 "Сайлау өткізу кезеңінде кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 288 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 желтоқсанда № 7795 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 168 "Сайлау өткізу кезеңінде кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4032 тіркелген, 2014 жылы 18 қыркүйекте "Жаңалық жаршысы" аудандық газетінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының атауы келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды белгілеу туралы";

көрсетілген қаулының 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Әйтеке би аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесе отырып (келісімі бойынша), қосымшаға сәйкес Әйтеке би ауданының аумағында барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Әйтеке би ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Әйтеке би ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Е.Қаржаубаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы

С. Таласбаев

" _____ " _____ 2020 жыл

Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14
желтоқсандағы № 288 қаулысына қосымша
Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8
қыркүйектегі № 168 қаулысына қосымша

Әйтеке би ауданының аумағында барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін арналған орындар

№	Ауылдық округтердің атауы	Елді мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар	саны
1	Ақкөл ауылдық округі	Ақкөл ауылы	Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Абай көшесі, № 1	1
2	Ақтасты ауылдық округі	Ақтасты ауылы	Ақтасты ауылдық клубының ғимараты, Әйтеке би көшесі, № 15	1
		Толыбай ауылы	Толыбай ауылдық клубының ғимараты, Темірбек Жүргенов көшесі, № 10	1
3	Аралтоғай ауылдық округі	Аралтоғай ауылы	Аралтоғай ауылдық клубының ғимараты, Жанқожа батыр көшесі, № 4	1
		Ұлғайсын ауылы	Б. Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Бүркітәлі Сисекенов көшесі, № 15	1
		Милы ауылы	Милы бастауыш білім беретін мектебінің ғимараты, Ыбырай Алтынсарин көшесі, № 19	1
		Қияқты ауылы	Қыналы негізгі орта білім беретін мектебінің ғимараты, Әлия Молдағұлова көшесі, № 12	1
4	Әйке ауылдық округі	Әйке ауылы	Әйке жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Д. Қонаев көшесі, № 15	1
		Тереңсай ауылы	Тереңсай ауылдық клубының ғимараты, Нұрпейіс Байғанин көшесі, № 2а	1
5	Басқұдық ауылдық округі	Басқұдық ауылы	Басқұдық жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Бейбітшілік көшесі, № 9	1
		Сарыбұлақ ауылы	Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің ғимараты, Шаруашылық көшесі, № 14	1
6	Жамбыл ауылдық округі	Жамбыл ауылы	Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Тыңгерлер көшесі, № 3	1
7	Жабасақ ауылдық округі	Жабасақ ауылы	Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Ұ. Құлымбетов көшесі, № 2	1
		Байжанкөл ауылы	Байжанкөл бастауыш білім беретін мектебінің ғимараты, Абай Құнанбаев көшесі, № 15а	1
		Аққұм ауылы	Аққұм негізгі орта білім беретін мектебінің ғимараты, Темірбек Жүргенов көшесі, № 9	1
8	Қызылжұлдыз ауылдық округі	Аралтөбе ауылы	Жақия Сәрсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Былшық би көшесі, № 28	1

9	Құмқұдық ауылдық округі	Құмқұдық ауылы	Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Байтаза Бисембаев көшесі, № 1	1
10	Қарабұтақ ауылдық округі	Қарабұтақ ауылы	Қ. Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Б. Момышұлы көшесі № 43	1
			Т. Г. Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Ө. Алдабергенов көшесі, № 19	1
		Белқопа ауылы	Белқопа жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Жолай Жүсіп көшесі, № 8а	1
		Жарөткел ауылы	Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің ғимараты, Әлия Молдағұлова көшесі, № 7	1
		Еңбекту ауылы	Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Нұрман Әлдекешов көшесі, № 3	1
11	Темірбек Жүргенов ауылдық округі	Темірбек Жүргенов ауылы	М. Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Темірбек Жүргенов көшесі, № 6б	1
			Комсомол жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Кеңесары хан көшесі, № 4	1
			Т. Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Қ. Айтазин көшесі, № 16а	1
		Талдысай ауылы	Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Комсомол көшесі, № 34	1
12	Қайрақты ауылдық округі	Талдық ауылы	Талдық негізгі орта білім беретін мектебінің ғимараты, Нұрман Әлдекешов көшесі, № 1	1
13	Сарат ауылдық округі	Сарат ауылы	Сарат жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Т. Жүргенов көшесі, № 2	1
14	Сұлукөл ауылдық округі	Сұлукөл ауылы	Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебінің ғимараты, Д. А. Қонаев көшесі, № 16	1
15	Үшқатты ауылдық округі	Үшқатты	Үшқатты ауылдық клубының ғимараты, Желтоқсан көшесі, № 2	1